

## Аналитикалық анықтама

**КМҚК №11 «Таңшолпан-1»бөбекжай-бақшасы болашақ түлектерінің мектепке дайындығының бастапқы диагностика нәтижелері бойынша педагог-психологтың 2003-2024 жж есебі**

**Қызмет бағыты:** мектепке дайындықтың психологиялық диагностикасы.

**Диагностика күні:** 2023 жылдың қыркүйек-қазаны.

**Тексерілген балалар саны:** 118 мектепалды тобының (5-6 жастағы балалар) тәрбиеленушілері.

Есепте мектеп жасына дейінгі балалардың өмірінің 5-6жастағы (қыркүйе-қазан) бастапқы диагностикасы туралы мәліметтер, бастапқы диагностикалық бағдарламаның орындалуы бойынша мониторинг

**Диагностика мақсаты:** МАД тобы тәрбиеленушілерінің білім беру қызметінің алғышарттарын және мектепте оқуды бастау үшін ерікті жанама есте сақтауы, сонымен қатар сөздік және логикалық ойлауды дамытуы, зейінді бөлуі деңгейін анықтау.

**Диагностика міндеттері:**

1. Мектеп жасына дейінгі балалардың мектептегі білім алуға мотивациялық, эмоционалдық-еріктік, танымдық, әлеуметтік дайындығының деңгейін анықтау.
2. Балабақша түлектерін мектептегі оқуға сәтті бейімдеу және мектепке дейінгі және мектептегі білім берудің сабақтастығын қамтамасыз ету мақсатында ата-аналар мен тәрбиешілерге ұсыныстар енгізу.

Жұмыс жоспарына сәйкес 2023 жылдың қазан айында №11 «Таңшолпан-1,2»бөбекжай-бақшасы мектепалды тәрбиеленушілерінен 2023 жылдың қыркүйек-қазан айлары арасында барлығы 118 баладан диагностика алынды.

МАД: «Ақтиін»-21; «Ақбота»-23; «Шаңырақ»-18; «Гүлдер»-17; «Көркем»-20; «Қызғалдақ»-19 тәрбиеленушінің психикалық процестерінің даму деңгейін анықтауға бағытталған Н.Н.Павловтың, Л. Г. Руденконың (5-6 жас)әдістемелік құралы бойынша бастапқы экспресс-диагностика жүргізілді. Бұл диагностикалық құрал баланың мектепте оқуға дайындық дәрежесін анықтауға мүмкіндік береді. Диагностика үшін классикалық әдістер қолданылды, бұл интеллектуалдық даму деңгейін анықтауға мүмкіндік береді жеке сфераның еріктілігі ерекшеліктерін, сондай-ақ баланың психикалық дамуының бейнесін тұтас көрсетуге, мектепке психологиялық дайындықтың жалпы деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Алдын ала сөйлесіп, баламен байланыс орнатқаннан кейін ол келесі тапсырмаларды орындау тапсырылады/субтесттер/:

1. "Баспалдақ" (өзін-өзі бағалау).
2. "Шеңберді кес" (ұсақ моторика)
3. «Үйшік» (ерікті зейін)
4. «10сөз» – есту жад
5. "Есеп" (логикалық ойлау)
6. «4-артық» тап- (ойлау)
7. «Жетіспейтін затты тап» - бейнелі ойлау
8. "Адамның суреті"
9. Кеспе суреттер (4 бөліктен) – қабылдау
10. «Неге ұқсас?» – қиял
11. Графикалық диктант-(қиял)

Барлығы 118 бала тексерілді.

Әрбір субтест бойынша нәтижелер ұпаймен бағаланды: 2 ұпай (ең жоғары баға), 1 ұпай (орташа), 0 ұпай (ең төмен). Барлық субтесттерді диагностикалаудан кейін жалпы ұпайлар есептелді. Сандық өңдеу кезінде алынған нәтижелер шартты түрде 3 деңгейге бөлінді: жоғары, орташа, төмен.


Топтың сандық көрсеткіштерін графикалық түрде көрсетіліп(1-сурет). ол жағдайды тұтастай елестетуге, мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі дамытушылық психологиялық-педагогикалық жұмысты жоспарлауға көмектесті.

**Диагностикалық әдістемелер:** Н.Н. Павлов, Л.Г. Руденконың экспресс диагностикасы.

**Бастапқы диагностика нәтижелері:**

| Психикалық даму деңгейі | МАД тобы тәрбиеленушілері | балалардың жалпы санынан % |
|-------------------------|---------------------------|----------------------------|
| жоғары                  | 26                        | 22,0 %                     |
| орташа                  | 65                        | 55,0 %                     |
| төмен                   | 27                        | 22,8%                      |
| Барлығы                 | 118                       | 99,8%                      |
| Жалпы деңгей            | орташа                    |                            |

*графикалық түрде көрсетілген(1-сурет)*



*мектепте оқуға бастапқы психологиялық дайындық деңгейі диаграммасы (2-сурет)*

№11 «Таңшолпан-1,2»бөбекжай-бақшасы мектепалды тәрбиеленушілерінен барлық балалар саны: 143-алынды 118 баладан(25 бала белгілі себептермен топқа әлі келмеген) 1-ші тексеру (қыркүйек-қазан 2023 ж.) Оқу жылының басындағы диагностикалық деректерді талдап, қорытындылай келе, дамудың орташа деңгейі басым деген қорытынды жасауға болады. № 1 диаграммадан мектепке психологиялық дайындықтың даму деңгейі төмен тәуекел тобындағы 27 бала анықталғанын көруге болады.

Сондай-ақ, кестеден мектепке психологиялық дайындықтың жоғары деңгейі бар 26 бала бар екенін көруге болады, бұл жалпы дайындық тобының балаларының даму деңгейі жас нормасына сәйкес келетіндігін көрсетеді.

Дайындық деңгейлері □ Төмен ■ Орта □ Жоғары

Протоколға баланың нұсқауды қалай қабылдағаныны және тапсырманы қалай орындағаны, жетекші қолы, қарындаш қысымы, баланың үстел басындағы орны, қарындашты дұрыс ұстай білуі жазылды.

Сараптама қорытындысы бойынша психологиялық кеңес берілді.

Топ балаларының мектепке психологиялық дайындығын тексергеннен кейін тәрбиешілер мен ата-аналар үшін әр балаға, ал жалпы топ бойынша мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиешілері мен мамандарына (саз жетекшісі, бейнелеу, дене шынықтыру және т.б. мұғалімдері) жеке ұсыныстар жасалды.

Нәтижелерді талдау кезінде №3, 4, 5, 6, 7, 9, 10, 12 субтесттер бойынша нөлдік көрсеткіштер алынған балалардың ата-аналарына ескерту жасалды. Тексеру кезінде 10 баллдан төмен алған әр баланың ата-анасымен жеке сөйлесіп, дефектолог маманға қаралуға кеңес берілді.

### **Ұсыныстар:**

#### **Ата-аналарға**

*Балалармен, үйде, ойын түрінде келесі тапсырмаларды орындауды жалғастыру:*

- үлгіден көшіру мүмкіндігі үшін (үлгі бойынша әрекет ету) - сіз үлгіні сызып, баладан оны жалғастыруды немесе өзіңіздікіндей қайта салуды сұрай аласыз;
- артық нәрсені жіктеу, жалпылау, жою мүмкіндігі үшін-баланы бір сөзбен атауға шақырыңыз: "алма, алмұрт, апельсин, қара өрік", артық нәрсені алып тастаңыз: "көйлек, пальто, етік, шалбар". Екі жағдайда да жауабыңызды түсіндіруді сұрау керек;
- саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту үшін-заттарды, геометриялық фигураларды, әртүрлі элементтерді жазу және штрихтау;
- балада бейнелі және кеңістіктік көріністерді дамыту үшін-нүктелерден фигуралар салу (үлгіні қайталау), сызықтардан тұратын өрнектерді, ою-өрнектер мен фигураларды қайталау, фигураларды өлшемі мен формасы бойынша салыстыру, суреттің екінші жартысын (дәл сол, бірақ айна түрінде) салу.
- балаларға әкесінің аты қайдан шыққанын түсіндіріңіз;
- балаларға туған күні туралы айту.

#### **Тәрбиешілерге**

1. Логикалық ойлау қабілетін дамыту;
2. Себеп-салдар байланысын орнату, жалпылау, тізбектелген суреттер тізбегі бойынша әңгіме құрастыру қабілеттерін дамыту.
3. Ұсақ моторикасын дамыту
4. Жыл мезгілдері туралы түсінік қалыптастыру.
5. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту.
6. Балалардың үлгіден көшіру қабілетін дамыту.
7. Балалардың бейнелі және кеңістіктік түсінігін дамыту.
8. Балаларға баланың, анасы мен әкесінің аты қайдан шыққанын түсіндіру;

*Диагностика жүргізіп, қорытындылаған педагог-психологтар:*

*Төлепова М.Е. қолы \_\_\_\_\_*